



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылғы 28 қаңтар мен 4 ақпан аралығындағы
жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2022 жыл, 7 ақпан


Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 4 ақпанда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,2%-ға (433,83 теңгеден) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 432,93 теңге деңгейінде қалыптасты. Дамушы нарықтарда көптеген валюталардың серпіні оң болды. ЕОБ баға өсуінің жалғасуына қарамастан, негізгі мөлшерлемені 0% деңгейінде сақтап қалды. Англия Банкі мөлшерлемені 0,5%-ға дейін көтерді. Қаңтарда АҚШ-та қалыптасқан жаңа жұмыс орындарының саны сарапшылардың күткенінен жоғары болып, 467 мың жұмыс орнын құрады.

Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының¹ серпіні төмендегідей қалыптасты:


- **Ресей рублі** мұнай бағасының өсуі және Сыртқы істер министрлігінің Ресей мен Украина арасындағы соғыстың мүмкін еместігі туралы мәлімдемелерінен кейін Ресей Федерациясы айналасындағы геосаяси шиеленістің төмендеуі аясында 3,1%-ға (78,15-тен 75,74-ке дейін) нығайды;
- **Бразилия реалы** шетелдік капиталдың әкелінуі және мөлшерлеменің 10,75%-ға дейін көтерілуі аясында 0,9%-ға (5,38-ден 5,33-ке дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка ранды** тәуекел-сентименттің жақсаруы және шетел капиталының әкелінуі аясында 0,9%-ға (15,6-дан 15,46-ға дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** АҚШ долларының жаһандық бағамының әлсіреуі аясында 0,6%-ға (20,81-ден 20,68-ге дейін) нығайды. 2021 жылғы 4-тоқсанның қорытындысы бойынша, Мексика экономикалық рецессияға түсіп, ІЖӨ-нің төмендеуі 0,1% т/т болды;
- **үнді рупиясы** инвесторлардың тәуекел дәрежесінің артуы аясында 0,5%-ға (75,04-тен 74,7-ге дейін) нығайды;
- **түрік лирасы** бір апта ішінде өзгермей 13,55 деңгейінде қалды. Үкімет активтерді шетел валютасынан лираға конвертациялаған кәсіпорындарға салықтық жеңілдік беру арқылы ұлттық валютаны нығайту бойынша жаңа шаралар ұсынды;
- **Индонезия рупиясы** бір апта ішінде 14 375-тен 14 380-ге дейін әлсіреп, көп өзгере қойған жоқ.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары



**Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2022 жылдың басынан 4 ақпан аралығында)**



**Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2022 жылғы 28 қаңтар мен 4 ақпан аралығында)**



Дамушы елдер валюталарының серпіні
(2022 жылғы 21 қаңтар =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz